

Қала әкімдігінің 2003 жылғы 20 ақпандағы "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары туралы" N 51/5 қаулысына (облыстың әділет басқармасымен 2003 жылғы 21 наурызда N 1693 тіркелген) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақсу қалалық әкімиятының 2004 жылғы 26 ақпандағы N 47/3 қаулысы. Павлодар облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 24 наурызда N 2364 тіркелді. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Ескерту. Мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды - Павлодар облыстық Әділет департаментінің 2009 жылғы 18 наурыздағы N 4-06/1966 хатымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Тұрғындарды жұмыспен қамту туралы" Заңына сәйкес, халықтың мақсатты топтарын әлеуметтік қорғау жөніндегі қосымша шараларды белгілеу мақсатында қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қала әкімдігінің 2003 жылғы 20 ақпандағы "Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидалары туралы" N 51/5 қаулысына (облыстың әділет басқармасымен 2003 жылғы 21 наурызда N 1693 тіркелген, 2003 жылғы 3 сәуірде қалалық "Ақжол - Новый путь" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Қала әкімдігінің көрсетілген қаулысының 1-тармағы келесі редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған:

1) Әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидасы;

2) Мақсатты топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі бекітілсін.";

2) Қала әкімдігінің осы қаулысының қосымшасына сәйкес қосымшамен толықтырылсын.

3) Қала әкімдігінің көрсетілген қаулысымен бекітілген әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру Қағидаларында:

1-тармақтың 2) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"2) мақсатты топтар - "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңмен және жұмысқа орналасуда қиындықтармен зардап шегуші және әлеуметтік қорғауды

талап етуші ретінде жергілікті атқарушы органмен белгіленген тұлғалардың тобы
..

2. Қала әкімдігінің осы қаулысының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Ә.Ә. Әбеновке жүктелсін.

Қала әкімі

Е. Оразалинов

"Әлеуметтік жұмыс орындарын
ұйымдастыру және
қаржыландыру қағидалары
туралы" N 51/5
қаулысына (облыстың әділет
басқармасымен 2003 жылғы
21 наурызда N 1693
тіркелген) өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы
қала әкімдігінің 2004 жылғы
26 ақпан N 47/3 қаулысына
ҚОСЫМША

"Әлеуметтік жұмыс орындарын
ұйымдастыру және
қаржыландыру қағидалары
туралы" қала әкімдігінің 2004
жылғы 20 ақпандағы
N 51/5 қаулысына
ҚОСЫМША

Мақсатты топтарға жататын тұлғалардың қосымша тізбесі

1. 24 жасқа дейінгі жастағы жастар.
2. 50-ден асқан тұлғалар.
3. ДКК (дәрігерлік консультативтік комиссия) анықтамалары бойынша еңбек етуде шектеулері бар тұлғалар.
4. Бірде бір жұмыс істейтіні жоқ аз қамтылған отбасылардың жұмыссыздары.
5. Бір жылдан аса жұмыс істемеген тұлғалар.